

Астана қаласы әкімдігінің « № 71 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК

Оқушылар арасында дұрыс тамақтануды насихаттау және тамақтану мәдениетін қалыптастыру мәселелері бойынша өткізілген іс-шараның АНЫҚТАМАСЫ

2025-2026 оқу жылы

Өткізілген күні: 07.10.2025.

Іс-шараның мақсаты:

Оқушылар арасында дұрыс тамақтанудың маңыздылығын түсіндіру және мектепте тамақтану мәдениетін қалыптастыру арқылы денсаулықты нығайту, дұрыс тамақтану әдеттерін қалыптастыру.

Іс-шараның міндеттері:

1. Оқушыларға дұрыс тамақтанудың негіздері мен пайдасын түсіндіру.
2. Оқушыларды денсаулықты сақтау үшін дұрыс тамақтану туралы ақпаратпен қамтамасыз ету.
3. Тамақтану мәдениеті, мектеп асханасының маңыздылығы туралы түсінік беру.
4. Оқушылардың дұрыс тамақтану әдеттерін қалыптастыруға бағытталған практикалық жаттығулар мен кеңестер ұйымдастыру.


Іс-шараның барысы:

Мектептің әлеуметтік педагогы дұрыс тамақтанудың адам денсаулығына әсері туралы қысқаша баяндама оқыды. Баяндамада оқушылардың тамақтану әдеттері мен олардың денсаулыққа тигізетін әсері туралы тыңдалды. Дұрыс тамақтану туралы статистикалық мәліметтер мен фактілер келтірді.

Оқушыларға пайдалы және зиянды тағамдарды анықтау бойынша тапсырмалар берілді. Оқушылардың өздері пайдалы тағамдарды таңдап, олардың денсаулыққа тигізетін әсері туралы пікірлерін білдірді. «Дұрыс тамақтану» тақырыбы бойынша викторина өткізілді, онда олар әртүрлі сұрақтарға жауап бере отырып, өз білімдерін тексерді. Оқушылар мектеп асханасында ұсынылатын тағамдардың сапасы мен мәзірі туралы пікір алмасты, өздерінің ұсыныстарын білдіріп, мектеп асханасының тамақтану сапасын жақсартуға бағытталған ұсыныстар жасады.

Нәтижесінде оқушылардың өз денсаулығын күту мен тамақтану мәдениетін арттыруға деген қызығушылығы байқалды.

Әлеуметтік педагог



Саденова Л.А.